

ҰБТ-да әр балл маңызды.

Найман, Керей, Жалайыр, Қыпшақ мемлекеттері

НАЙМАН МЕМЛЕКЕТІ

1. Аумағы: Шыңғыс тауынан Қарақорымға дейін
2. Наймандардың ең алғашқы қалыптасуы: **VIII ғасырдың ортасына дейін Ертіс пен Орхон өзендері бойында қалыптасты. Яғни, олар алғашында Батыс және орталық моңғолия жерін мекендеген.**
3. Найман атауы білдіреді: **«Сегіз тудың иесі»**
4. Найман мемлекетінің ордасы (астанасы): **Орхон өзенінің бойындағы Балықты қаласы**
5. 840 жылы ұйғырлар құлағаннан кейін қалыптасты: **наймандар мен керейіттер**
6. XI ғасырда наймандар мен керейіттердің билеушілері қабылдаған дін: **христіанның несториандық бағыты**
7. XI ғасырдың соңында наймандар мен керейіттер осы мемлекеттің құрамында болды: **Ляо империясы** (қарақытайлар ғой)
8. Наймандар мен керейіттер тәуелсіздігін алған уақыт: **1125 жылы Ляо империясы құлағаннан кейінгі уақыт**
9. Тәуелсіз найман мемлекеті иеленген жерлер: **Батыс Моңғолия мен Шығыс Қазақстан**
10. Найман мемлекеті гүлденген кезең: **XII ғасырдың II жартысы**
11. Найман мемлекетінің билеушілері: **Наркеш Дайын, Бұйрық, Инанч Білге (елді өнерге, күнкөріске баулыған хан), Күшлік**
12. Наймандар қарақытайлардың үстемдігінен құтылды: **Күшлік ханның тұсында**
13. Білгеден кейін, мемлекеттік билікке таласқандар: **Бұйрық пен Даян хандар**
14. Найман мемлекеті екі бөлікке ыдыраған кезең: **XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басы**
15. Найман мемлекетінің екіге ыдырауының себебі: **Шыңғысхан бастаған моңғолдардың күшеюі**
16. XIII ғасырдың басында күшейе бастаған: **Моңғол империясының көсемі Темучин (Шыңғыс хан)**
17. **1201 жылы** наймандар моңғолдарды тоқтату үшін құрылтай ұйымдастырды
18. 1201 жылғы құрылтайға қатысқан елдер: **меркіт, найман, қырғыз**
19. 1201 жылы моңғолдарға қарсы құрылған құрылтай жеңіліске ұшырады
20. Наймандарға қарсы одақтасқан елдер: **Моңғолдар мен керейіттер**
21. Моңғолдар наймандарды толықтай жеңген жыл: **1204 жыл**
22. Наймандардың Жетісуға қоныс аударған соңғы билеушісі: **Күшлік хан (1204 жылы)**